



# Амангелді Иманов - halyq batyry

## Кóp

Кез келген адамның кіндік қаны тамған, туған жері бар. Туған жерің, киелі мекен қасиетін біз, армандарымызды аңсап, өмірдің небір парақтарын ашып отырған кезде білесің. Саф ауасы мен өзені, шалғынды жерлері ауылға беттеп келе жатқанда ерекше сезесің. Дәл осы киелі мекен, менің туып өскен жерім Амангелді ауданы. Ауданымыз жылдан - жылға көркейіп келеді. Былтыр 1916 жылы Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Амангелді Имановтың жерленген жеріндегі ескерткіш «Киелі Қазақстан карта-сы» жобасына енгізілгені баршамызды қатты қуантты. Ескерткіш жалпыұлттық маңыздағы қасиетті нысандар тізімі қатарында. Осы жыл аудан тұрғындары үшін мерейлі жыл. Ауданымыз 90 жылдығын атап өтуге дайындық үстінде болса, ағымдағы жылдың 3-сәуірінде Амангелді Имановтың туғанына 145 жыл толып отыр. Айтулы тұлғаның мерейтойына арналған іс-шаралар біздің Лисаков қаласында «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақала аясында өткізілуде. Дүйсенбі күні №3 ОМ-нің 7-8 сынып оқушылары арасында мұражай «Амангелді Иманов - халық батыры» атты дәріс ұйымдастырды. Жылдық жоспар бойынша дәрістен басқа, мұражай сағаты, жылжымалы көрме өткізіледі.

### АМАНГЕЛДІ ИМАНОВТЫҢ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ

Амангелді Иманов әуелі Алакөлге, кейін аудан орталығына қайта жерленді (бұрынғы Батпаққара ауылы). 1960 жылы оның бейітіне ескерткіш орнатылды. Авторы - қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері Хакімжан Наурызбаев. Батырдың ескерткіші Амангелді ауданы Амангелді ауылындағы «Шұғыла» жастар орталығы ғимаратының алдындағы алаңда орналасқан.

Мүсін қоладан жасалған. Амангелді Иманов батыл көзқараспен, басын мақтанышпен тік көтерген, сол қолында қылышы бар, ал оң қолы кеуде тұсында жартылай бүгілген қалыпта бейнеленген. Мүсін мәрмәр тақталармен

қапталған тік бұрышты тастұғырға орнатылған. Тастұғырдың жоғарғы жағында «Амангелді Иманов 1873-1919» деп ойылып жазылған жазу бар. Тастұғырдың төменгі бөлігі трапеция пішіндес. Мүсіннің биіктігі - 2,5 м.

1916 жылғы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушы, Иман батырдың ұрпағы, Кенесары Қасымовтың серіктесі және үзеңгілесі. Амангелді Иманов 1873 жылы 3 сәуірде Терісбұтақ деген жерде, бұрынғы Торғай уезінің Қайдауыл болысында (қазіргі Қостанай облысы Амангелді ауданы) дүниеге келген. Амангелді 12 жасқа дейін ауыл мектебінде оқыды. Содан кейін 4 жыл медреседе оқып, түрік, парсы және араб тілдерін меңгерген. А. Иманов ұлт-азаттық қызметке келгенге дейін төрт тілді білетін және орыс тілінен сауатты, өте білімді болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің саяси маңызы бар, оған қатысқан сарбаздардың (жауынгерлердің) саны 50 мың адам болды. Амангелді сарбаздары 27 күн бойы Торғай қаласын қоршауға алды. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан революциясына дейін жалғасты.

1916 жылы 21 қазанда 4 мыңға жуық көтерілісшілер Татыр көлінің маңында казак жүздігімен және Торғай уезінің бастығының полиция отрядымен ұрыс жүргізді. Бұл көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында ең ірі шайқастың бірі болатын. Көтерілісшілердің арасында қалыптасқан үздіксіз байланыс болатын. Көтерілісшілерді қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін бірнеше ауылдарда, ұстаханалар құрылды. Ұстаханаларда қару-жарақтар, оқ-дәрілер дайындалып, қылыш, найза, айбалталар соғылды. 1916 жылы 25 қазанда А. Иманов басқарған 15 мыңға жуық көтерілісшілер Торғай қаласын қоршауға алды. Торғай және Ырғыз уезіндегі жағдай күрт төмендеді. Торғаймен байланыс үзілді. Торғай тегіс қоршалды. Қарашаның алғашқы жартысында Торғай уезіндегі көтеріліс бүкілхалықтық сипат алды. 6 қараша күні көтерілісшілер шабуылды бастап, қаланың жартысын басып алды. Бірақ та зеңбірекпен атқылаған соң, шегінуге мәжбүр болды. Қарашаның

аяғына қарай көтерілістің негізгі тобы Торғайдан шегініп, Батпаққарада шоғырлануға мәжбүр болды. Патша әскери бас штабының бұйрығы бойынша Казан әскери аймақтық майдан шегінен алынған. Бірнеше әскери бөлімдерден генерал Лаврентьевтің экспедициялық корпусын жасақтап, көтеріліс ауданына жіберілді. Ұлт-азаттық көтеріліске қатысқаны үшін 3 мың адам жауапқа тартылып, оның 201-і өлім жазасына, 162-сі каторгаға айдалды. Соған қарамастан айбалтамен, құс мылтық пен және басқа қарулармен қаруланған көтерілісшілер жазалаушылардың негізгі күшін қыспаққа алып, Торғайды айналасына 100 шақырым радиуспен қоршап алды.

22-23 ақпанда Доғал - Үрпек жазығында көтерілісшілер жазалаушыларға қарсы соңғы рет ұрыс салды.

27 ақпанда жазалаушы отряд Торғай қаласына қарай шегініп, Доғал-Үрпек Батпаққара мекенін көтерілісшілер қолына тастап шықты.

1917 жылдың 8 наурызынан бастап Уақытша Үкіметтің А. Имановпен оның сарбаздары жөніндегі істі тоқтату қаулысына қарамастан жергілікті үкімет өкілдері Аманкелдіні тұтқындауды талап етті.

1917 жылдың шілдесінде билер соты А. Имановты 10 жылға Сібірге айдауға кесті.

Бүгінде Амангелді Үдірбайұлы Имановтың есімі бүкіл Қазақ даласының кез-келген жерінде зор құрметпен аталады. Оған қойылған ескерткіштер, оның атындағы елді мекендер мен мектептер, көшелер батырдың қазақ халықының жүрегіне ғасырдан ғасырға мәңгі сақталатынын дәлелдей түседі. Өйткені ол қазақ азаматының қаармандық бет-бейнесін Кенесары атасындай ерлігімен дәлелдеген жан. Оның арманы туған даласының тәуелсіздігі мен дербестігі болатын. Батыр атамыз бекер қару асынбаған.

### А. ИМАНОВ МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ ТАРИХІ

«А. Иманов атындағы Амангелді мемориалдық мұражайы»



мемлекеттік мекемесі болып Қазақ ССР Министрлер Советінің №1258-р Өкімімен 1969 жылы 9 желтоқсан күні ашылды. Мұражай алғашқыда Совет көшесіндегі саманнан салынған шағын үйде орналасты. Мұражай профили бойынша мемориалдық болып саналады. Мұражай экспозициясы 1916-1917 жж. болған ұлт-азаттық көтерілістің Сардары А. Иманов пен ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан батырдың үзеңгілес серіктері туралы, Торғай халқының ерлікке толы жорық жолдарын және бүгінгі батыр атындағы аудан тарихын баяндайды. Жәдігерлер құды жанды адамдар бейнесінде жасалған. Тек мұндай жәдігерлер осы мұражайда ғана бар. Сондай-ақ мұражайда ауданның экономикалық, мәдени даму жолын көрсететін, ауданымыздан шыққан еңбек және соғыс ардагерлерінің, көрнекті қоғам қайраткерлерінің өмірі және еңбектерімен таныстыратын жәдігерлермен құжаттары жинақталған. Бала кезімде болған мұражайда қазір ежептәуір өзгеріс бар дейді. Осы жазда ол қандай өзгерістер, көруге асықпын. Айтпақшы, еліміздің киелі жерлерімен ruh.kz және gazmar.kz сайттарына тіркелу арқылы виртуалды саяхат жасауға болады. Жол түсіп бара қалсаңыз мобильді нұсқасы арқылы адаспай, қалаған қасиетті жерлерге жете аласыздар.

**А. ҚАДЫРХАНОВА,**  
Лисаков қалалық  
Жоғарғы Тобыл тарихы мен  
мәдениеті мұражайы  
Ғылыми қызметкер